

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 87 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 40 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 87 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 жыл, № 25, 347-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында:

көрсетілген Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада 1-кесте осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>С. Ахметов</i>	
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2013 жылғы	25	қаңтардағы
№ 40 қаулысына		
қосымша		
«Денсаулық сақтау объектілеріне		
қойылатын санитариялық-		
эпидемиологиялық талаптар»		
санитариялық қағидаларына		
7-қосымша		

Денсаулық сақтау объектілерінің функционалдық белгіленуіне және тазалық сыныбына байланысты үй-жайлардағы ауа ортасының бактериялық тұқымдалуының рұқсат етілген деңгейлері

«

1-кесте

№	Тазалық Сыныбы	Үй - жай атауы	Санитариялық-микробиологиялық көрсеткіштер			
			Ауаның 1 м ³ микроорганизмдердің жалпы саны (КОЕ/м ³)	Ауаның 1 м ³ Staphylococcus aureus колониялар саны (КОЕ/м ³)	6	7
1	2	3	4	5	6	7
1	Өте таза (А)	Операциялық, босандыру залдары, гематологиялық, күйігі бар пациенттерге арналған асептикалық бокстар, шала туған балаларға арналған палаталар, дәріханалардың	Жұмыс басталғанға дейін	Жұмыс кезінде	Жұмыс басталғанға дейін	Жұмыс кезінде
		асептикалық блогы, стерилизациялық (таза бөлігі), бактериологиялық зертханалардың бокстары, диализдік залдары	200 артық емес	500 артық емес	болмауы тиіс	болмауы тиіс
2	Таза (Б)	Емшара, таңып-байлау, операция алды, реанимация залдары мен палаталары, балалар палаталары, емшек сүтін жинау және пастерлеу бөлмелері, ассистент және дәріханалардың өлшеп-орау бөлмесі, бактериологиялық және клиникалық зертханалардың зерттеу жүргізуге арналған үй-жайы, хирургиялық және стоматологиялық қабылдау кабинеттері	500 артық емес	750 артық емес	болмауы тиіс	болмауы тиіс
3	Шартты таза (В)	Хирургиялық бөлімшелер палаталары, операциялық, босандыру залына жалғасатын дәліздер, қарау кабинеттері, инфекциялық бөлімше бокстарымен палаталары, ординаторлық, материалдық, таза киім-кешек қоймасы	750 артық емес	1000 артық емес	болмауы тиіс	2 артық емес

»

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК